



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

подметить широкую и важную работу, проделанную Конференцией, и эффективность ее методов работы, подтвержденную тем фактом, что после седьмой сессии в 1951 году было разработано тридцать конвенций. Миссия Конференции заключается в содействии как отношениям между частными сторонами через международные границы, так и международным юридическим операциям.

Нужно признать тот факт, что Конференция также превращается во всемирный центр на службе международного судебного и административного сотрудничества в области частного права, и в частности в области защиты детей. Однако, она по-прежнему эффективно поддерживалась государствами-членами: странами и другими международными организациями.

Поэтому, достойно и с честью можно поздравить конференцию за ее вклад в сферу международного частного права за последнее столетие. Государства-члены настоятельно призывают поддержать Конференцию и поощрять государства, не являющиеся членами, присоединиться к Конференции.

#### **Список использованной литературы:**

- Source Hague Conference On Private International Law general information. Ralph Amissah. Электронная книга.

- <http://interlaws.ru/история-гаагской-конференция-по-международному-частному-праву>.  
Дата обращения: 10.03.2018

- <http://www.jus.uio.no/lm/hague.conference/doc.html>. Дата обращения: 10.03.2018

- [http://www.haguejusticeportal.net/Docs/HJJ-JJH/Vol\\_2\(2\)/Article%20van%20Loon-EN.pdf](http://www.haguejusticeportal.net/Docs/HJJ-JJH/Vol_2(2)/Article%20van%20Loon-EN.pdf). Дата обращения: 11.03.2018

УДК 341.9/091

### **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ТАРИХЫН КЕЗЕҢДЕРГЕ БӨЛУ МӘСЕЛЕСІ**

**Таукебай Олжас Сатылұлы**

[Taukebay.olzhas@gmail.com](mailto:Taukebay.olzhas@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
заң факультеті халықаралық құқық мамандығының 1 курс студенті  
Ғылыми жетекші – Ш.В. Тлепина

#### **1 Халықаралық құқықтың батыс ғылымы**

Бірінші дүниежүзілік соғыс (1914) және Қазан революциясы (1917) сол кездегі рухани өмірге үлкен өзгеріс алып келді. Олар саясат және философия салаларында қатты білінді, құқықтануға да соның ішінде халықаралық құқыққа өзгерістер енгізді. Пайда болып қойған салалары мен қатар өзінің негізін мемлекеттік құқықтық салада ғана емес халықаралық құқық пен әлеуметтік өмірдің қатынасынан іздейтін жаңа салалары да пайда бола бастады.

Әрине, Еуропадағы және АҚШ-тағы халықаралық құқық доктринасы екі дүниежүзілік соғыс арасындағы халықаралық өмірдің қиыншылықтары мен қарама-қайшылықтарын сезбей қалуы мүмкін емес еді. Халықаралық құқықтың негізі нәтижесінде олардың бірдей немесе бір қалауларына алып келетін мемлекеттер арасындағы келісімдер құрайды деп есептелген. Құқықтық позитивизм өкілдерінің жұмысында біз «халықтар отбасының жалпы келісімі» халықаралық құқықтың негізі екендігін жиі оқимыз. Осыған жақын көзқарасты Ч.Ч. Хайд, К. Штрупп, С. Сефериадес, Ш. Руссо және тағы басқалар қолдады. [1] Ч. Хайдтың айтуы бойынша халықаралық құқықтың мәні жалпы принциптерді бәрінің қолдауы болып табылады. К. Штрупп «пікірлердің ұқсастығынсыз халықаралық құқық жоқ» екендігін жазды. [1] С. Сефериадес өз пікірін қаттырақ білдірді, оның айтуынша «Біздің ойымызша, халықаралық құқық әртүрлі, бір біріне ұқсамайтын, жеке дара емес, елдердің жалпылама ұқсас пікірлерінен тұрады... ал мемлекеттердің еріктер бірігіп, ажырамауы керек... осы

бірігулер жоғарғы ерікті құрайды». [1] Бірақ «еріктердің бірігу» теориясын қолдайтын кейбір жақтастарының пікірінше барлық қағидалар тарайтын «негізгі қағида» бар. Бұл ретте Д. Анцилотти: «Бұл қағидалардың бастамасы барлық мемлекеттер бекітілген шартты орындау керек деген ережелерден шығады, – **pacta sunt servanda**». [2] Мұндай тәсіл басқа негізгі тараппен байланыс орнатты – бұл *нормативизм*.

Нормативизмнің абстрактілігі және формализмі, оның әртүрлі шындықтан алыстығы біз классикалық құқықтанулық позитивизмнен көре алатын элементтерден ажыратты. Нормативизм философия тұрғысында кантиандықпен тығыз байланысты, дәлірек айтқанда Кельзен ұнатқан Кант оқуларының идеалисттік жағымен жақын.

XX ғасырдағы табиғи құқықтың діни түсінігіндегі қайта жаңғыруы біздің ойымызша – түсінікті құбылыс. Халықаралық құқыққа байланысты табиғи құқықтың ренесансы, позитивизм мен нормативизмге негізделген құқықтың негізін табуға деген зайырлылық дағдарысына байланысты.

Мұндай ұмтылыстар қаралып отырған уақытта діни көзқарасты арқалауға міндеттелмеді. Олардың кейбіреулері Л. Дюгиден келетін психологиялық теорияларға арқа сүйеді, ал кейбіреулер Ж. Селльдің солидаризміне арқа сүйеді. [3] Онымен бірге әртүрлі әлеуметтік факторларға жүгіну арқылы халықаралық құқықтың мәнін ашуға деген әрекеттер жүргізілді. Олардың ішінде біздің ғасырымыздың ортасына қарай халықаралық құқықты тікелей мемлекеттің қызуғышылықтарынан шығаратын, және оның тиімділігін саяси және әскери ұлылығымен біріктіруші теориялар үлкен абыройға ие бола бастады. Философиялық тұрғыда оларға прагматикалық деген баға беруге болады. [1]

## **2 Кеңес дәуіріндегі халықаралық құқық**

Қазан революциясы (1917) жеңісіне орай халықаралық қатынастың жаңа теориялық негізі қаланып, бейбіт өмір сүрудің, халықаралық құқықтың, заманауи социалистік концепциясы жасалды. Кеңестік мемлекет басшысы негізгі жарлықтарын 1922 жылы өткізілген Генуя конференциясындағы мақалаларында және баянадамаларында тұжырымдап негіздеген. Әр түрлі және бір-біріне қарама-қарсы екі жүйенің бейбіт өмір сүруінің, сонымен қатар келісуші екі жақтың бір-бірінің теңдігін мойындау негізінде олардың белсенді ынтымақтастығы туралы жағдайлар қарастырылған.

Айтарлық жайт, Кеңестік мемлекеттің өмір сүруі кезінде теориялық мәселелердің әзірлеумен Сыртқы Істер Халық Комиссариаты (СІХК) және басқа да мемлекеттік қызметте жұмыс жасайтын адамдар айналысты. Ол, әрине, жағымды әсерін тигізді.

Құқықтық әдебиеттер туралы айтатын болсақ, басында олар тек журналдағы мақалалар ретінде болды (РСФСР СІХК, кейін КСРО мүшесі – «Халықаралық өмір» журналы) және сол жылдардың өзекті практикалық тақырыптары қозғалды: Кеңестік мемлекетті мойындауы және оның құқықтық салдары (Ресейге патшалық қарыздарды мойындау немесе бас тарту және мирас құқығы мәселелері), елшілік және кеңесшілік құқықтар, жаңа және танымал емес сауда өкілдері институттары, шет ел азаматтары туралы (1918 жылы РСФСР Конституциясы жұмыс жасайтын шетел азаматтары саяси құқықтарын қарастырған). Сонымен қатар Ұлттар Лигасы қызметімен байланысты құқықтық мәселелері жүйелі түрде қарастырылған. Бұл жылдары осы салада табысты қызмет атқарған: *Ю.В. Клочников, Е.А. Коровин, А.М. Ладыженский, А.В. Сабанин*.

1930 жылдары КСРО кезіндегі халықаралық құқық дамуының нақты нәтижесі ретінде *Е. Пашуканистің* еңбектерін атауға болады. Оның «Мемлекет және құқық энциклопедиясында» ұстанған көзқарасына қарағанда, яғни заманауи халықаралық құқықты «екі антогонистік таптық жүйелер арасындағы уақытша компромисс түрі» деген ойын дұрыс емес деп мойындап, «керісінше, жалпы капитализм дағдарысы дәуірінде халықаралық құқық екі жүйе арасындағы күрестің бір формасы» деп атайды.

XX ғасырдың 40-жылдардың екінші жартысы мен 50 жылдары монографиялар саны артты: орыс ғылымының дамуы мен Ресей халықаралық құқықтағы үлесі (*Ф.И. Кожевников*), дипломатиялық иммунитет туралы (*Д.Б. Левин*), БҰҰ құрылу тарихы (*С.Б. Крылов*), халықаралық соттың қызметі (*Н.Н. Полянский*) және тағы басқалары. [1]

### 3 Халықаралық құқық туралы қазақстандық ғылым

Қазақстан құқықтану ғылымы тарихында халықаралық құқық мәселесі алғаш рет Ұлы Отан соғысы (1941 – 1945) жылдарында зерттелді. Халықаралық құқық мәселелесін алғаш қозғағандар Алматы қаласына көшірілген мәскеулік ғалымдар болды.

Халықтық құқық коммисариаты (ХҚК) мемлекеттік құқық институты (І МҚИ) бұйрығы негізінде енгізілді. Нақтылы, КСРО ХҚК «Шет ел азаматтық құқығы», «Халықаралық жеке құқық», «Ағылшын-америкалық азаматтық құқық» және «Ағылшын-америкалық қылмыстық іс» пәндерін оқу процесіне енгізді. [4]

Ұлы Отан соғысы оқиғаларымен байланысты маңызын куәландыратын халықаралық құқықтық зерттеулер мұрағатта сақталаған. Мысалы, 1943 жылы ақпан айында І МҚИ бұйрығы бойынша «Халықаралық келісімшарттар және Екінші дүниежүзілік соғысы алдында және соғыс кезіндегі халықаралық қатынастар» атты ғылыми тақырып бекітілген. Ғылыми топ құрамына доцент *С.Б. Дониях*, профессорлар – *И.С. Петерский*, *А.К. Стальгевич*, *М.У. Шац*, *П.И. Пакарклис*, *А.А. Пионтковский*, *М.А. Чельцов-Бebutov* және тағы басқалары. Олар баянадамаларымен тек қана конференцияларда, митингтерде сөйледі, сонымен қатар жоғары оқу орындары үшін Халықаралық құқық курстарын әзірледі. [4]

Сөйтіп біз төмендегідей шешімдер шығардық:

1) КСРО ХҚК І МҚИ профессорлық-оқытушылық құрам, құқықтанушы ғалымдар мен практиктердің қызметі Қазақстандағы жоғары құқықтық білім беру мен құқықтық ғылым дамуында зор үлесін тигізді, оның ішінде – халықаралық құқық саласында. Сонымен қатар, Қазақстандағы 1958 жыл мен 1978 жылдары аралығындағы халықаралық құқық бойынша құқық ғылымдары кандидаттары мен докторларының ұзақ уақыт бойы тапшылығы мәселесі әлі де зерттелмеген.

20 жылдан соң халықаралық құқық бойынша КСРО сыртқы ісер министрлігі Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтында *М.А. Сарсембаев* «Кеңестік республикалардың халықаралық құқықтық субъективтілігі мен сувернитеті («Қазақ КСР мысалындағы буржуаздық концепциялардың сыны»)» атты кандидаттық диссертация қорғады. Ол «Қазақстан мен Орта Азия тарихындағы халықаралық құқық мәселелері (XV ғасырдан бастап осы уақытқа дейін)» атты докторлық диссертациясын 1994 жылы Ресейлік ғылым академиясында табысты қорғады. Ең алғаш докторлық диссертацияны 1994 жылы *М.А. Сарсембаев* қорғады. [5]

2) Қазақ КСР ҒА, құқық секторы, *Т.М. Культелев* халықаралық құқықтанушы кадрларды дайындауда өз үлестерін тигізді. Мұрағаттық құжаттарда екі фамилия көрсетілген – *Ермагамбетов*, *Аккушкаров*. [4]

3) 1943 жылы 6 қыркүйекте Қазақстанда алғаш рет КСРО ХҚК І МҚИ диссертациялық кеңесінде қазақстандық аспирант құқық ғылымдары кандидаты дәрежесін алу мақсатындағы кандидаттық диссертацияны қорғады. 1943 жылы ленинградтық құқықтанушылар мектебі түлегі *М.К. Ермагамбетов* ең бірінші қылмыстық құқық туралы кандидаттық диссертацияны қорғады және бірінші болып халықаралық процессуалды құқық туралы докторлық диссертация әзірледі. Алайда бізге белгісіз себептермен қорғамады (Б.Я.Арсеньевке қатысты репрессияға байланысты деген болжам бар). [4]

4) Кеңестік Қазақстандағы халықаралық құқықтың дамуы мемлекеттің саясаттық-құқықтық идеологиясына негізделген. Кеңес уақытында Қазақстандағы зерттеу жұмыстарының саны анықталған. Соның ішінде халықаралық құқық ерекшеленбеген.

Қазіргі таңда халықаралық құқық ғылымы біздің елімізде қарқынды дамуда. Қазақстанның 31 жоғары оқу орнында «халықаралық құқық» мамандығы бойынша мамандар даярланып, соның кейбіреулерінде үш деңгейлі – бакалавриат, магистратура, докторантура бойынша оқытылады. Бұл ғылымның потенциалы жоғары. Құқықтанушы ғалымдардың жаңа буыны қазақстандық халықаралық құқықтанушылар жоғары мектебі дамуына және халықаралық құқық ғылымы мәселесін шешуде өз үлесін тигізуде.

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Баскин Ю.Я., Фельдман Д.И. История международного права. М.: Международные отношения, 1990. – 203 с.
2. Д. Анцилотти. Курс международного права. Том 1. Введение. Общая теория. Пер. с итал. А. Л. Саккети, Э. М. Фабрикава / Под ред. Д.Б. Левина. М.: Иностр. лит-ра, 1961. – 457 с.
3. Тлепина Ш.В. История международного права. Учебно-методическое пособие. Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2017. – 172 с.
4. Тлепина Ш.В. Научная подготовка ученых-юристов международного права в Казахстане. / Ұлттық және халықаралық құқықтың өзара әрекеттестегі. Дөңгелек үстел мат. КАЗГЮУ Университеті, 15 мамыр 2015 ж. Взаимодействие национального и международного права. Мат. Круглого стола. – Университет КАЗГЮУ, 15 мая 2015 г. Астана: ТОО «КАЗГЮУ Консалтинг», 2015. – С. 133-143.
5. Сартаев С. Юристы Казахстана в лицах. – Алматы, 2002. – С. 370.

УДК 340.15

### ПРЕДПОСЫЛКИ ПОДПИСАНИЯ ВЕСТФАЛЬСКОГО ТРАКТАТА 1648 ГОДА

**Турмахан Анель Болатқызы**

Студент 1 курса, группа МПр-12, Юридического факультета  
кафедры Международного права  
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан  
Научный руководитель: профессор Тлепина Ш.В

1 Политические предпосылки заключения вестфальского договора

#### ***1.1 Расстановка политических сил в Европе накануне заключения мирного договора***

XVII век - эпоха, играющая во многом критическую роль в развитии процесса борьбы между силами, защищающими феодальные устои, и силами, расшатывающими эти устои, начальная стадия которого относится к эпохе Возрождения, а завершающая охватывает эпоху Просвещения. Эту роль можно назвать узловой только потому, что именно в ожесточенных общественных схватках, происходящих в XVII столетии во многом определился темп и характер дальнейшего развития стран Европы.

Вместе с тем, немецкий исследователь Ф.Пресс хорошо подметил парадоксальное место этого века в немецкой истории: «Семнадцатый век менее всего исследован среди трех столетий раннего нового времени. Это связано с традиционным видением немецкой истории в частности, с малогерманской протестантской интерпретацией: XVI в. являет прорыв Реформации, а XVIII - подъем Бранденбурга-Пруссии. Напротив, XVII в. определяется новой консолидацией Старой Церкви, восстановлением имперской мощи и наступлением абсолютизма. К тому же это столетие было аристократическим в сравнении с бюргерскими веками - прошедшими и будущими, отмечено последствиями войн, экономическими кризисами за счет массивного роста народонаселения, обостренными Тридцатилетней войной, которая вплоть до ужасов XX в. оставалась самым большим потрясением немецкой истории. Все это способствовало тому, что XVII в. стал «темным веком» для новой немецкой истории»[1].

Одно из центральных событий в Западной Европе XVII столетия - это Тридцатилетняя война. Тридцатилетняя война 1618-1648 гг. - первая общеевропейская война между двумя большими группировками держав: стремившимся к господству над всем «христианским миром» габсбургским блоком (испанские и австрийские Габсбурги), поддержанным папством, католическими князьями Германии и Польско-Литовским государством (Речь Посполита), и противодействовавшими этому блоку национальными государствами - Францией, Швецией, Голландией (республика Соединённых провинций),